

**«Көкібел» жалпы білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Хаттама №2**

Көкібел ауылы

19.09.2023ж.

II отырыс. Әдістемелік кеңес өткізілді.

1. Қатысқан:

Қатыспаған: Мектепшілік

пәндік олимпиадалардың материалдарын дайындау, сараптау, өткізу кестесін бекіту.

Хабарламашы: Ғ. Әбдірахман.

2. Пән кабинеттерінің оқу- әдістемелік қамтамасыз етілуі, талапқа сай жабдықталуы.

Хабарламашы: Қ.Ахаев

3. ББЖМ бойынша, мемлекеттік бітіру емтихандарына дайындық жұмыстары.

Хабарламашы: Е. Алтаев.

4. Пән мұғалімдерінің « BilimClass» электрондық журналын жүргізу туралы.

Хабарламашы: Е. Алтаев.

5. Ағылшын тілін және жаратылыстану – математикалық бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология) кіріктіріп оқыту жұмыстарының жүргізілуі туралы.

Хабарламашы: Ғ. Әбдірахман.Е.Алтаев Қ.Ахаев

6. Дарынды балалармен жұмыс «Дарын» ОҒҚ жұмысы,байқаулардың қорытындысы.

Хабарламашы: Ғ. Әбдірахман.

7. Мұғалімдердің кәсіби өсуі, шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстары.

Хабарламашы: Ғ.Әбдірахман

8. Оқушылар арасындағы мінез-құлық ауытқулары мәселелерін шешуде психологиялық анықтаумен түзету жолдары.

Хабарламашы: М.Лесбай.Н.Сүлейменов

9. Оқушылардың дәптермен жұмысын тексерудің сапасы.

Хабарламашы: Е. Алтаев

Күн тәртібіндегі мәселелер жеке жеке қаралды.

1. Сабақты зерттеудің (Lesson Study) тәсілдерін пайдаланудың оқыту үдерісіне әсері
2. Олимпиадалардың, байқаулардың қорытындысы: жетістіктер мен кемшіліктер.
3. Мұғалімдердің құжаттарын тексеру қорытындысы.
4. Пән мұғалімдерінің «BilimClass» электрондық журналын жүргізу туралы.
5. Нормативті құжаттардың орындалу барысы.
6. Мектепте инклюзивті білім берудің және үйде оқытудың жағдайлары.
7. Жас мамандармен тәлімгерлердің жұмысының сапасы.
8. Әдістемелік құрал, нұсқаулықтарды, жинақтарды, кешендерді талқылау, бекіту.
9. I жартыжылдық қорытындысы бойынша мектептің рейтинг қорытындысын талдау.

Тыңдалды: 1-мәселе бойынша мектеп директорының бейіндік орынбасары Ғ.Әбдірахман хабарлама жасады.

- Пән мұғалімдеріне мектепшілік пәндік олимпиадалардың материалдарын дайындау, сараптау, өткізу кестесін бекіту туралы ұсыныс жасады. Талапқа сай өткізілуін тапсырды. Үнемі дайындықта жүру үшін дарынды және талантты оқушыларды анықтап, олимпиадаларға дайындық жұмыстарын жалғастыруды қатаң тапсырды.
- 2-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие орынбасары Қ.Ахаев хабарлама жасады.
- Пән кабинеттерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, талапқа сай жабдықталуы туралы айтылды. Пән кабинеттерінің жетекшілеріне кабинеттерді жабдықтау жұмыстарын ары қарай жүзеге асыруды тапсырды. Алдағы болатын байқауларға дайындалуды тапсырды.
- 3-мәселе бойынша Е. Алтаев хабарлама жасады.
- ББЖМ бойынша, мемлекеттік бітіру емтихандарына дайындық жұмыстары талқыланды. Оқушылардың білім деңгейлерін дамыту бойынша қосымша сабақтар кестесін ұсынды. Негізгі пән мұғалімдеріне үлгерімі төмен оқушыларды анықтап, тізімін жасауды тапсырды.Алдағы

уақытта кестелері қосымша сабақтары кестелері шығарылып ілініп мұғалімдермен оқушылардың дайындық кестелері қосымша шығарылатын болды.

4-мәселе бойынша Е. Алтаев хабарлама жасады.

- Пән мұғалімдерінің « BilimClass» электрондық журналын тиісті деңгейде жүргізілу керектігі айтылды. Кемшілік жіберген пән мұғалімдеріне ескерту жасады.

5-мәселе бойынша мектеп директорының оқу жөніндегі орынбасары Е.Алтаев хабарлама жасады.

- Ағылшын тілін және жаратылыстану – математикалық бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология) кіріктіріп оқыту жұмыстарының жүргізілуі туралы мәлімдеме жасады. Мектебімізде курстан өтіп келген тек қана физика пәні мұғалімі Н.Ибраева. Әлі де ішінара сабақтарды кіріктіріп өтеді. Мұғалімдердің сабақтарына енген кезде кемшіліктермен жетістіктері мұғалімдерге жеке жеке ескертілді.

6-мәселе бойынша мектеп директорының бейіндік орынбасары Ғ. Әбдірахман хабарлама жасады.

- Дарынды балалармен жұмыс «Дарын» ОҒҚ жұмысы, байқаулардың қорытындысы туралы есеп берді. Жеткен жетістіктер фезбукте жарияланып отырылады. Барлық пән мұғалімдері бұдан хабардар. Әлі де ғылыми жобалар байқауынан жеткен биік жетістіктеріміз жоқ. Сол себепті зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алу керек екендіктеріне тоқталып өтті.

7-мәселе бойынша мектеп директорының бейіндік орынбасары Ғ. Әбдірахман хабарлама жасады.

- Мұғалімдердің кәсіби өсуі, шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстары жайлы айтылды. Жалпы «шығармашыл мұғалім қандай болуы керек?» деген сұрақ төңірегінде шығармашыл мұғалімнің моделін ұсынды.

8-мәселе бойынша мектеп директорының бейіндік орынбасары Ғ.Әбдірахман хабарлама жасады.

- Оқушылар арасындағы мінез-құлық ауытқулары мәселелерін шешуде психологиялық анықтаумен түзету жолдары туралы есеп берді. Мектептің педагог-психологы М.Лесбай, Н.Сүлейменовтің атқарып жатқан жұмыстарына тоқталып өтті.

9-мәселе бойынша Е. Алтаев хабарлама жасады.

- Оқушылардың дәптермен жұмысын тексерудің сапасы туралы ұсыныстар ортаға айтылды. Негізгі пәндерді тексеру барысында жіберілген кемшіліктер мен жетістіктерге тоқталып, өз ұсынысын жасады.

Жоғарыдағы мәселелерге тоқтала келе әдістемелік кеңес отырысы шешім шығарды.

Шешім:

1. Мектепшілік пәндік олимпиадалардың материалдарын дайындау, сараптау, өткізу кестесі бекітілсін.
2. Пән кабинеттерінің оқу- әдістемелік қамтамасыз етіліп, талапқа сай жабдықталсын.
3. ББЖМ бойынша, Мемлекеттік бітіру емтихандарына дайындық жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілсін.
4. Пән мұғалімдерінің « BilimClass» электрондық журналы талапқа сай жүргізілсін.
5. Ағылшын тілін және жаратылыстану – математикалық бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология) кіріктіріп оқыту жұмыстары өз деңгейінде жүргізілсін.
6. Дарынды балалармен жұмыс, «Дарын» ОҒҚ жұмысы өз деңгейінде жүргізілсін.
7. Мұғалімдердің кәсіби өсуі, шығармашылық тақырыптары бойынша жүргізілсін.
8. Оқушылар арасындағы мінез-құлық ауытқулары мәселелерін шешуде психологиялық анықтаумен түзету жолдарын өз деңгейді жүргізілсін.
9. Оқушылардың дәптермен жұмыстары қанағаттанарлық әлдеде жұмыстар жүргізілсін.
 1. Мұғалімдердің кәсіби өсуі, шығармашылық тақырыптары қазіргі талап бойынша өзгертіліп, өз деңгейінде жұмыстар жүргізілсін.
 2. Оқушылар арасындағы мінез-құлық ауытқулары мәселелерін шешуде психологиялық анықтаумен түзету жолдары туралы жұмыс ары қарай жүргізілсін.
 3. Оқушылардың дәптермен жұмысын тексерудің сапасы қанағаттанарлық деп табылсын.

Әдістемелік кеңес жетекшісі:
Хатшысы:

Е. Алтаев
С. Қоңжасаров